

**No. 51859\***

---

**Turkey  
and  
Kazakhstan**

**Agreement between the Government of the Republic of Turkey and the Government of the Republic of Kazakhstan on scientific and technological cooperation. Ankara, 22 October 2009**

**Entry into force:** *10 July 2013, in accordance with article 11*

**Authentic texts:** *Kazakh and Turkish*

**Registration with the Secretariat of the United Nations:** *Turkey, 1 April 2014*

*\*No UNTS volume number has yet been determined for this record. The Text(s) reproduced below, if attached, are the authentic texts of the agreement /action attachment as submitted for registration and publication to the Secretariat. For ease of reference they were sequentially paginated. Translations, if attached, are not final and are provided for information only.*

---

**Turquie  
et  
Kazakhstan**

**Accord entre le Gouvernement de la République turque et le Gouvernement de la République du Kazakhstan sur la coopération scientifique et technologique. Ankara, 22 octobre 2009**

**Entrée en vigueur :** *10 juillet 2013, conformément à l'article 11*

**Textes authentiques :** *kazakh et turc*

**Enregistrement auprès du Secrétariat des Nations Unies :** *Turquie, 1<sup>er</sup> avril 2014*

*\* Numéro de volume RTNU n'a pas encore été établie pour ce dossier. Les textes reproduits ci-dessous, s'ils sont disponibles, sont les textes authentiques de l'accord/pièce jointe d'action tel que soumises pour l'enregistrement et publication au Secrétariat. Pour référence, ils ont été présentés sous forme de la pagination consécutive. Les traductions, s'ils sont inclus, ne sont pas en form finale et sont fournies uniquement à titre d'information.*

[ KAZAKH TEXT – TEXTE KAZAKH ]

**Түркия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан  
Республикасының Үкіметі арасындағы ғылым және техника  
саласындағы  
ынтымақтастық туралы  
келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Түркия Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі

ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың мемлекеттер арасындағы байланыстарды нығайтудың негізгі жолдарының бірі және аса маңызды факторы болып табылады деп пайымдай отырып, ұлттық экономикаларының дамуында ғылым мен техниканың маңыздылығын түсіне отырып;

теңдік, өзара тиімділік пен халықаралық құқық қағидаттарына негізделген өзара ғылыми-техникалық байланыстарды дамытуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар осы Келісімнің шарттарына және Тараптардың әрқайсысының ұлттық заңнамаларына сәйкес өзара тиімді екі жақты ғылыми-техникалық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға белсенді қолдау көрсетеді.

**2-бап**

Тараптардың ғылым мен техника саласындағы ұлттық саясаттарына сәйкес және Тараптар мемлекеттерінің мүдделі ғылыми-техникалық мекемелері ұсынған мәліметтерді ескере отырып ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайды.

**3-бап**

Осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастық келесідей нысандарда жүзеге асырылады:

- зерттеу нәтижелері мен ғалымдар, ғылыми мамандар және сарапшылар алмасуды қоса алғанда бірлескен ғылыми-зерттеу және техникалық жобаларды орындау;

- бірлескен ғылыми конференциялар, симпозиумдар, курстар және семинарларын ұйымдастыру және қатысу;
- ғылыми-техникалық ақпараттар және құжаттармен өзара алмасу;
- ғылыми-зерттеу жабдықтарын бірлесіп пайдалану;
- үшінші елдердің ғылыми ұйымдарымен байланыс орнатуға ықпал ету.

#### **4-бап**

Ғылыми-техникалық зерттеулер, «ноу-хауды» қоса алғандағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен, білім, тәжірибе және ақпаратпен алмасу осы Келісімге және Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес, әрбір нақты жағдайда Тараптардың тиісті мекемелері арасындағы жекелеген келісімдер мен хаттамаларға қол қою арқылы жүзеге асырылады.

Осы Келісім негізінде қол қойылған Келісімдер мен хаттамалар бірлескен ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдалану тәртібін, қаржы әдістемесі мен шарттарды және ғылыми-зерттеу техникалық жұмысын айқындайды.

#### **5-бап**

Егер Тараптар арасында кері келісім болмаған жағдайда сарапшылар, ғалымдар және өзге де зерттеушілер делегациясымен өзара алмасу кезінде көлік, тұру және басқа да барлық шығыстар, толығымен жіберуші Тарапқа жүктеледі.

#### **6-бап**

Түркия Республикасының Ғылым және техника жөніндегі кеңесі (TUBITAK) мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Тараптардың осы Келісімнің іске асырылуын қамтамасыз ететін уәкілетті органдары болып табылады.

#### **7-бап**

Тараптар осы Келісімді іске асыру мақсатында әрбір Тарап өздері тағайындаған саны бірдей өкілдерден тұратын Ғылыми және

техникалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

Комиссияның міндеттері:

- Ынтымақтастық салалары Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы органдарынан алынған ақпараттар арқылы ғылым мен техника саласындағы ұлттық саясат негізінде айқындалады;

- осы Келісім негізінде бағдарламалар мен хаттамаларды дайындау;

- осы Келісімді іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- бірлескен бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға ықпал ету;

- екі жақты ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласындағы тәжірибе алмасуды көтермелеу және ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы ұсыныстарды бағалау.

Комиссия өз отырыстарын Тарап мемлекеттерде екі жылда бір рет кезекпен өткізеді. Комиссия өз қызметін хат алмасу арқылы жүзеге асыруы мүмкін.

#### **8-бап**

Осы Келісімнің талқылауы мен қолдануына қатысты келіспеушіліктер Тараптардың арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешілетін болады.

#### **9-бап**

Осы Келісім мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтар және міндеттемелерге ықпал етпейді.

#### **10-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке Хаттама арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Хаттама осы Келісімнің 11-бабында қарастырылған тәртіп бойынша күшіне енді.

**11-бап**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті тиісті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 5 (бес) жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың біреуі өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы ағымдағы кезеңнің аяқталуына дейін 6 (алты) ай бұрын жазбаша хабарлама жолдамаса, автоматты түрде әрбір келесі 1 (бір) жылға ұзартылады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтатуды жүзеге асыру оның қолданыстағы кезеңінде басталған және қолданылуын тоқтату сәтіне дейін аяқталмаған бағдарламалар мен жобалар бойынша Тараптар міндеттемелерін қозғамайды.

2009 жылғы 22 қазанда Анкара қаласында екі данада, әрқайсысы түрік, қазақ тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

**Түркия Республикасының  
Үкіметі үшін**



**Мехмет Айдын  
Мемлекеттік министр**

**Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін**



**Жансейіт Түймебаев  
Білім және ғылым министрі**